

**2024 -2025 оқу жылындағы
№ 80 «Ботақан» балабақшасы МКҚК қызметін
өзін-өзі бағалау жөніндегі материалдар**



Астана, 2025

Мазмұны:

Ақпараттық анықтама	3
Өзін-өзі бағалауды жүргізуге бұйрық.....	4
№80 «Ботақан» балабақшасының 2024-2025 оқу жылындағы өзін-өзі бағалау жоспары	5-6
№4 Педагогикалық кеңестің хаттамасы	7-10
Өзін-өзі бағалаудың мақсаты, міндеттері, принциптері	11
Оқу процесінің мазмұны	12
Әкімшілік шаруашылық қызмет	13
Балабақшаның жылдық оқу -тәрбие жұмысының тапсырмаларын орындау.....	13-15
2024 – 2025 оқу жылындағы тәрбиеленушілерінің бағдарламалық материалды меңгеруін талдау.....	16-18
2024-2025 оқу жылында балалармен жұмыс жасауда инновациялық технологияларды қолдану, эксперименттік жұмыстарды жүргізу.....	19-21
Дене тәрбиесі мен сауықтыру жұмыстары.....	22
2024-2025 оқу жылындағы педагогикалық ұжымның жұмыс көрсеткіштері.....	22-24
2024-2025 оқу жылындағы балабақша тәрбиеленушілерінің жетістіктері.....	25-26
Ата – аналармен жұмыс.....	27
Балабақшаның одан әрі жұмысының болашағы	28
Өзін-өзі бағалау қорытындысын шығару.....	28
№5 педагогикалық кеңес хаттамасы.....	29-33
2024-2025 оқу жылындағы №80 «Ботақан» балабақшасының өзін-өзі бағалау материалдарын балабақша сайтына орналастыру.....	33

**№80 «Ботақан» балабақшасы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын
туралы жалпы**

МӘЛІМЕТ

1. Білім беру ұйымының атауы:	Астана қаласы әкімдігінің №80 «Ботақан» балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
2. Білім беру ұйымының орналасқан жері:	Астана қаласы, Байқоңыр ауданы С.Торайғыров көшесі, 11 үй;
3. Ғимарат қолдануға берілген жылы	2015 жылы
4. Жобалық қуаттылығы:	140
5. Оқыту тілі	қазақ
6. Инклюзивті, түзету топтары	бар
7. Заңды тұлғаның байланыс деректері:	Телефон: 7172-72-92-30; Электронды пошта: 80botakan@mail.ru ; Web-сайт: 80botakan-sad.kz ;
8. Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері:	Менгеруші: Конакбаева Жұлдыз Каримжановна №84 02.03.2017 жылғы «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ жұмысқа қабылдау туралы бұйрығы; (қосымша 1)
9. Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттар:	Астана қаласы әкімдігінің 2020 жылғы «29» қаңтар №107 - 226 қаулысына қосымша, №80 «Ботақан» балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жарғысы, Қаулы №107-226 29.01.2020 жыл мектепке дейінгі ұйымдарды қайта атау туралы, 16.03.2020 жылғы заңды тұлғаны қайта тіркеу туралы анықтама; (қосымша 2)
10. Рұқсат беру құжаттары:	ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы Хабарлама №KZ2RVK00023892, 08.06.2020жыл (қосымша 3)



БҰЙРЫҚ

2025 жылғы 5 қауіп
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 01-1 н/с
город Астана


Балабақшаны өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру
және өткізу туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңына, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығына, Астана қаласының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысының 2021 жылғы 10 қарашадағы № 133 бұйрығын негізге ала отырып **«БҰЙЫРАМЫН»:**

Астана қаласы әкімдігінің № 80 «Ботақан» балабақшасы МКҚК 01.09.2024 - 30.05.2025 ж.ж. аралығында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жалпы талаптарына сәйкестігін бақылау мақсатында өзін-өзі бағалауы ұйымдастырылып өткізілсін;

1. Балабақшаны өзін-өзі бағалауын ұйымдастырылып өткізу жөнінде келесі құрамда комиссия құрылсын:
 1. Конакбаева Жулдыз Каримжановна - балабақша меңгерушісі м.а, комиссия төрайымы;
 2. Жанакүлова Жибек Жамантаевна – инновация әдіскері, комиссия мүшесі;
 3. Исакова Шохиста Нуриддинқызы – тәрбиеші, педагог – модератор, комиссия мүшесі
 4. Өмірзақ Разия Өмірбекқызы– тәрбиеші, педагог-модератор, комиссия мүшесі;
 5. Мұхамбетәлі Ұлбике Ерболқызы, педагог-психолог, педагог – модератор, комиссия мүшесі;
 6. Ешербай Меруерт Бейсенбайқызы- тәрбиеші, педагог-модератор, комиссия мүшесі;
 7. Байдеуов Аскар Дүйсебекович, денешынықтыру нұсқаушысы, педагог-модератор комиссия мүшесі;
2. Бағалау өлшем шарттарына сәйкес балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша іс- шара жоспары бекітілсін; (1 қосымша)
3. Комиссияға бағалау өлшемшарттарына сәйкес балабақшаның өзін- өзі бағалауын ұйымдастыру жауапкершілігі жүктелсін;
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Меңгеруші м.а :



Конакбаева Ж.

Бекіткен
 №80 «Ботакан» балабақшасының
 менгерушісі Ж. Қонақбаева

№80 «Ботакан» балабақшасының 2024-2025 оқу жылындағы
 өзін-өзі бағалау жоспары

№	Іс-шаралар	мерзімі	жауаптылар
1	Балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу жөніндегі 4-ші Педагогикалық кеңесте талдау.	27.03.2025ж.	Менгеруші Әдіскер
2	2024-2025 оқу жылына №80 «Ботакан» балабақшасы МКҚК-ның өзін-өзі бағалауы туралы бұйрық шығару.	27.03.2025ж.	Менгеруші Әдіскер
3	2024-2025 оқу жылына №80 «Ботакан» жүргізудің жоспарын әзірлеу және бекіту.	27.03.2025ж.	Менгеруші Әдіскер
4	Өзін-өзі бағалаудың мақсатын, міндеттерін, принциптерін анықтау	04.04.2025ж.	Менгеруші Топ Әдіскер
5	Оқу процесінің мазмұны бойынша ақпарат дайындау	өзін-өзі бағалау кезеңі	тәрбиешілері Әдіскер
		өзін-өзі	Менгеруші

6	Балабақшаның тиісті кеңістік даму ортасын, материалдық техникалық жағдайларын қамтамасыз ететін әкімшілік шаруашылық қызметті талдау.	өзін-өзі бағалау кезеңі	Менгеруші Әдіскер
7	Балабақшаның жылдық оқу -тәрбие жұмысының тапсырмаларын орындау	өзін-өзі бағалау кезеңі	Менгеруші Әдіскер
8	2024-2025 оқу жылындағы балабақша тәрбиеленушілерінің бағдарламаны игеруін талдау	өзін-өзі бағалау кезеңі	Әдіскер Топ тәрбиешілері
9	2024-2025 оқу жылында балалармен жұмыс жасауда инновациялық технологияларды қолдану, эксперименттік жұмыстарды жүргізу.	өзін-өзі бағалау кезеңі	Комиссия мүшелері Эксперименттал ды топ тәрбиешілері
10	Дене тәрбиесі мен сауықтыру жұмыстары	өзін-өзі бағалау кезеңі	Әдіскер Комиссия мүшелері

**№4 педагогикалық кеңестің
хаттамасы**

Өткізілген уақыты: 27.03.2025 ж.

Қатысқандар: 17

Қатыспағандар: жоқ

Тақырыбы: Мектепалды топ балаларының танымдық қабілеттерін және экологиялық түсініктерін дамытудағы зертхана жұмысы және жасанды интеллект қолданудың маңызы.

Мақсаты: педагогтердың тәжірибесін арттыру, сандық зертханамен жұмыс жасау ерекшеліктері туралы педагогтардың білімдерін жүйелендіру.

Күн тәртібінде

I. Теориялық бөлім:

1. №3 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Мектепалды топтарының тақырыптық бақылау нәтижелері: Балалардың танымдық, зияткерлік және шығармашылық дағдыларының дамуы мен зерттеу іс-әрекетіне қызығушылық деңгейі.

Жауапты: тәрбиеші: М.Ешербай

II. «Тәжірибемен бөліскім келеді»

3. «Мектепке дейінгі ұйымдарындағы технологиялар және жасанды интеллект»

Жауапты: тәрбиеші: Ш.Исакова

4. «Мектепке дейінгі ұйымдарында ойын технологияларын ұйымдастыру жолдары»

Жауапты: тәрбиеші: А.Сапарова

5. Балабақшаны өзін-өзі бағалау комиссия мүшелерін сайлау, бекіту туралы

Жауапты: меңгеруші Ж.Конакбаева

Тыңдалды: Балабақша меңгеруші Ж.Конакбаева ол педагогикалық кеңестің күн тәртібімен таныстырды.

Педагогтардың жұмыстарына көңілі толатынын айтып, бірақ әлі де жұмыс жасау керектігін айтып, сөз кезегін №3 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалу туралы мәлемдеді. Балабақша меңгерушісі Ж.Конакбаева балабақшада белгіленген жоспар бойынша жұмыстардың атқарылып жатқанына тоқталды. №3 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалу туралы оң шешім болғанын айтып өтті.

Тыңдалды: тәрбиеші М.Ешербай өз сөзінде: тақырыптық бақылау мен танымдық, зияткерлік және шығармашылық мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының барлық жас топтары қамтылады.

Бақылау мазмұнына: танымдық-зерттеу қызметінің элементтері бар ұйымдастырылған іс-әрекеттерді қарау; іс-әрекеттен тыс балалардың қызметін талдау (балалар экспериментін ұйымдастыру), кешенді-тақырыптық және күнтізбелік жоспарлауды талдау, ата-аналар үшін көрнекі ақпаратты ресімдеу, танымдық-зерттеу және эксперименттік қызмет бойынша әдістемелік базаның болуы кіреді.

Балалармен жұмысты жоспарлауды бағалау.

Бақылау шеңберінде балалардың танымдық-зерттеу және тәжірибелік-эксперименттік қызметін жоспарлауға талдау жүргізілді. Талдау мынаны көрсетті: зерттеу жұмысын жоспарлау кезінде «Құлыншақ» мектепалды топ тәрбиешісі Меруерт Бейсенбайқызы «Ұлулардың өмірі» атты және Өмірзақ Разия Өмірбекқызы «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау орталығының қолдауымен ұйымдастырылған қалалық сайысқа «Зерттеуші бүлдіршіндер», инновация әдіскері Жанакулова Жібек Жамантайқызы «Қызыққа толы жәндіктер» атты тақырыптарымен бөлісті.

Табиғат бұрышын жан-жақты зерттеу дағдыларын қалыптастыру үшін мына критерийлерге сүйенуге кеңес беремін:

1. Қоршаған ортаны тану – ғылыми ұсынымдар орталықтарын балалардың кіші топтардың саны бойынша жабдықпен толықтыру.
2. Барлық топтарда эксперименттер мен тәжірибелер жүргізу үшін карточка-схемалар жасау;
3. Барлық топтарда өсімдіктерді балалардың жасына сәйкес тандап, ортаңғы топтан бастап - гүлдердің төлқұжатын жасау.
4. Қоршаған ортаны тану – ғылыми көріністер орталығын: қандай да бір құбылыстарды, қасиеттерді көрсетуге арналған аспаптармен, қарапайым құрылғылармен, макеттермен, модельдермен толықтыру; табиғат күнтізбесін жүргізу.

Тыңдалды: тәрбиеші Ш.Исакова - Қазіргі заманда жасанды интеллект технологиялары барған сайын танымал және сұранысқа ие. Олар адам өмірінің әр түрлі салаларында, соның ішінде білім беруде қолданылады. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде жасанды интеллекттің тәрбиешілер үшін қуатты құралдың бірі болып отыр және ол тәрбиешілердің жұмысын жеңілдетеді және оқу сапасын жақсартады.

Жасанды интеллект — бұл адамның ойлауын қажет ететін тапсырмаларды орындай алатын интеллектуалды жүйелерді құрумен айналысатын сала. Жасанды интеллекттің процестерді автоматтандыру, деректерді талдау, болжау және шешім қабылдау үшін пайдаланылуы мүмкін. Жасанды интеллект мектепке дейінгі тәрбиешіге көмектесе ала ма? Ол бүгінде қаншалықты қолданылады және жасанды интеллектке негізделген қандай құралдар тиімді? деген сұрақтар мазалайтындығы хақ. Жасанды интеллекттің мүмкіндігі зор. Тәрбиешінің жұмысында жасанды интеллектті қолданудың бір неше практикалық мысалдарын қарастырамыз.

Жасанды интеллект ұйымдастырылған іс-әрекеттерді жоспарлауды және дидактикалық материалды дамытуды автоматтандыруы мүмкін. Бұл

тәрбиешінің уақытын балалардың тікелей оқуы мен дамуына, қарым-қатынас, бақылау және балалардың әр түрлі тапсырмаларды орындау процесіне көмектесу сияқты маңызды тапсырмаларды орындауын бақылауға уақыт тиімділігін арттырады, яғни педагогтың көп уақыты баламен тығыз қарым-қатынас жасауға кетеді.

Тыңдалды: тәрбиеші А.Сапарова- Технология– бұл кез-келген ортада, шеберлікте, өнерде қолданылатын әдістердің жиынтығы. Педагогикалық технология-бұл формалардың, әдістердің, оқыту әдістерінің, тәрбие құралдарының арнайы жиынтығы мен орналасуын анықтайтын психологиялық - педагогикалық көзқарастардың жиынтығы; бұл педагогикалық процестің ұйымдастырушылық-әдістемелік құралы.

Педагогикалық технологияның түбегейлі маңызды жағы-баланың білім беру үдерісіндегі ұстанымы, ересектердің балаға деген көзқарасы.

Ойын педагогикалық технологияның ажырамас бөлігі болып табылады.

Ойынның функциялары және бағыттары:

Ойын-сауық бұл ойынның негізгі функциясы-көңіл көтеру, қанағат алу, көңіл көтеру, қызығушылықты ояту

Коммуникативті: ойынға қатысты барлық нәрсе бір ойын кеңістігінде және әлеуметтік тәжірибені жеткізу құралы ретінде қызмет етеді

Ойын терапиясы : өмірдің басқа түрлерінде туындайтын әртүрлі қиындықтарды жеңу;

Диагностикалық: нормативтік мінез-құлықтан ауытқуларды анықтау, ойын барысында өзін-өзі тану;

Әлеуметтену функциясы: қоғамдық қатынастар жүйесіне қосу, адам жатақханасының нормаларын меңгеру

Ойын технологиясы-бұл педагогикалық процесті ұйымдастыру.

Балалармен бірлескен іс-әрекеттің ойын түрі баланы іс-әрекетке ынталандыру және ынталандыру құралы ретінде әрекет ететін ойын әдістері мен жағдайларының көмегімен жасалады.

Педагогикалық ойынды іске асыру келесідей жүзеге асырылады , дидактикалық мақсат ойын тапсырмасы түрінде қойылады; білім беру қызметі ойын ережелеріне бағынады; оқу материалы оның құралы ретінде қолданылады; дидактикалық тапсырманы сәтті орындау байланыстырады.

5.Тыңдалды: Балабақшаны өзін-өзі бағалау комиссия мүшелерін сайлау керек екенін меңгеруші Ж.Конакбаева айтты.

Педагог-психолог Ұ.Мұхамбетәлі: - Балабақшаны өзін-өзі бағалау комиссиясына тәжірибелері бар тәрбиешілер мен дене шынықтыру маманын ұсынды.

Қаулы етті:

Ұсыныс бір ауыздан қабылданды..

Тыңдалды: балабақша меңгерушісі Ж.Конакбаева өз сөзінде балалардың танымдық қабілеттерін және экологиялық түсініктерін дамытуда зертхана жұмысымен жасанды интеллект қолдануда жас ерекшеліктерін ескерулерін

қадағалау керек екеніне тоқталды.Берілген тапсырмалардың қызықты болуын ескерулерін айтты.

№4 педагогикалық кеңестің шешімі:

1. «Мектепалды топтарының тақырыптық бақылау нәтижелері:Балалардың танымдық ,зияткерлік және шығармашылық дағдыларының дамуы мен зерттеу іс-әрекетіне қызығушылық деңгейі» зерттеу жұмысы оң деп табылсын.

Жауапты:М.Ешербай

2. Балабақшада жасанды интеллект және ойын технологиялары қолдануға ұсынылсын.

Жауапты: А.Сапарова

4.Балабақшаны өзін-өзі бағалау ұйымдастырып өткізу жөнінде комиссия құрылып,бекітілсін.

Төрайымы:



Ж.Конакбаева

Хатшы:



Е.Күлімхан

Өзін – өзі бағалау қызметінің мақсаты мен міндеттері:

- Білім беруде бағдарлама мазмұнының тақырыппен сабақтастығының сақталуын қамтамасыз ету;
- Балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету үшін баланың отбасымен бірлесіп жұмыс істеу;
- Балабақша ұйымын арнайы мамандарымен қатамасыз ету.
- Педагогтердің кәсіби өсуінің үздіксіздігін қамтамасыз ету;

Осыған сәйкес келесі міндеттер анықталады:

- оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу;
- қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыру;
- тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау;
- мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету;
- тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау;
- креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру;

Негізгі тиісті принциптер:

- Балалардың денсаулығын нығайту және қорғау;
- Балалардың жеке жас ерекшеліктерін ескеру;
- Оқыту және тәрбиелеу үрдісін жүйелі және кешенді түрде жетілдіру;
- Бағдарлама материалдарының жүйелі бірізділігін қарастыру;
- Дамыта оқыту принципі;
- Халық педагогикасы және психологиясы негізінде оқыту және тәрбиелеу мазмұнын жаңарту.

БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ МАЗМҰНЫ

Балабақшаның оқу-тәрбие процесін жүзеге асыруда басшылыққа алатын құжаттар:

- «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы (2020 жылғы 5 мамырдағы №182.
- «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы (2020 жылғы 12 мамырдағы №195
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы;
- «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы №615
- «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы (2020 жылғы 18 мамырдағы №207 бұйрықпен енгізілген
- «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі №343 Заңы.

Әкімшілік шаруашылық қызмет

- 8 микроскоп;
- 6- интерактивтік тақта;
- Құммен сурет салу бөлмесі;
- Психолог, логопед кабинеті
- Проектор – 3 дана – МТБ бюджеттен тыс. *(анықтама қоса берілген)*

Кабинетке қысқаша сипаттама:

Кабинет 3 қабатты ғимараттың 3-ші қабатында орналасқан, көлемі 14 кв.м

Кабинет:

-инклюзияны қолдау кабинеті *(жекелей)*
-шыдамдылыққа, ойлау қабілеттерінің дамуына және балалардың өзі дұрыс шешім қабылдауына мүмкіндік береді.

Ата-аналар қатарындағы бракераждық комиссия мүшелері балалардың тамақтануын ұйымдастыруды, жалпы балабақшада тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыруды, жас топтарының санитарлық-гигиеналық жағдайын жүйелі түрде бақылауды жүзеге асырады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жолын кесу жөніндегі жұмысқа ерекше назар аударылады, қызметкерлермен, ата-аналармен жүйелі жұмыс жүргізіледі, балабақша сайты, Мемлекеттік сатып алу жоспары уақтылы орналастырылатын интерактивті карта, ата-аналарға азық-түлік жеткізушілері туралы ақпарат жұмыс істейді. Қаржылық есептердің дұрыстығы мен уақтылығына бақылау жүргізілді. Балабақшада жылыту жүйесін жуу және сығымдау жүргізілді. Дәрі-дәрмектер, кеңсе тауарлары басым. Балабақша қызметкерлерімен техникалық қауіпсіздік және өрттің қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық өткізілді. Бұл жұмыстың нәтижелері өндірістік кеңестерде, меңгеруші жанындағы кеңестерде, кәсіподақ жиналыстарында қаралды.

Балабақшаның жылдық оқу -тәрбие жұмысының тапсырмаларын орындау

Астана қаласының әдістемелік тақырыбы:

«Дамытушы заттық- кеңістіктік ортасын құру: әр баланың мүмкіндіктерін, белсенділік деңгейі мен қызығушылықтарын ескере отырып, ойын әрекетін ұйымдастыру үшін қауіпсіз орта»

2024-2025 оқу жылына балабақша жұмысының жылдық мақсаты мен міндеттері:

Мақсаты: Баланың қажеттілігін қанағаттандыру және қабілетін анықтау мақсатында, оның жеке тұлға ретінде қалыптасып дамуына қолайлы жағдайлар туғызу.

Міндеттері:

- Балалардың танымдық белсенділігін, қызығушылығын дамыту, жобалау және эксперименттеу әдісін іске асыру арқылы экологиялық білімдерін кеңейту;

- Балалардың танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту, қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгеруге жағдай жасау. Оқу-тәрбие үдерісіне заманауи әдістер мен технологияларды енгізу;
- Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру;
- Пәндік –дамытушы ортада балалардың танымдық-сөйлеу әрекетін дамыту.

Осы жоғарыда қойылған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында және балабақшаның тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыруда 2023-2024 оқу жылында балалардың қызығушылықтары, ата-аналардың тілектері мен балабақшаның эксперименталды қызметінің бағытына сәйкес тандалды. Балабақшада оқыту тәрбиелеу процесінде инновациялық технологияларды қолданудың мақсаты – ҚР Үлгілік оқу бағдарламасының міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған. Атап айтқанда, балабақшада қолданылып отырған заманауи білім беру технологиялары: "ӨТШТ", З.Дьенеш, Д.Кюизенер интеллектуалдық ойындары, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, жеке тұлғаға бағытталған, ойын, жобалау т.б..

Флипчарт мультимедиялық электронды көрнекілігін қолдануда. Флипчарт материалдарды құруға және көрсетуге болатын жұмыс саласы. Жұмыс барысында флипчарт қолдану «Коммуникация» пен «Шығармашылық» дағдылары бойынша білім беру қызметін ұйымдастыруда тиімді екенін анықталды. Балабақша жұмысындағы жобалау зерттеу әрекеті бала жаратылысына және тәрбие мен оқытудың заманауи талаптарына неғұрлым толығырақ сәйкес келетін зерттеу проблемалық, шығармашылық әдістер жиынтығын қамтитын инновациялық әрекет. З.Дьенеш, Д.Кюизенер интеллектуалдық ойындары мектеп жасына дейінгі білім беру әдістемесінде балалардың зияткерлік-танымдық белсенділігін дамытудың әртүрлі әдістері мен тәсілдері бірі болып табылады. З.Дьенеш блоктарын күннің екінші жартысында логикалық блоктарды ойын материалы ретінде қолдану балалардың білімге деген қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыра түскені байқалды. («Құмырсқаларға көмектес» ойыны, «Ойлап тап», «Жұбын тап», «Үйлерге адамдарды орналастыр», «Фигураны ойлап тап» және т.б.. Сондай ақ «Шығармашылық» пен «Таным» дағдыларын пайдалануда балалардың ойлау қабілеттерінің дамығаны байқалады: ақпаратты салыстыру, сараптау, жалпылау, талдау, жіктеу операциялары балаларға қиындық туғызбады. Қабылдау, есте сақтау, назарға алу, елестетудің танымдық үрдістері, шығармашылық қабілеттері дамыды. Педагогтер мен ата-аналардың қызығушылығына байланысты, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарынан тыс қосымша білім беру қызметтері жүргізіле басталды. Оның ішінде:

- «Шет тілдерін оқыту курсы»;
- «Құммен сурет салу»;
- «Хореография»;

- Күтілетін нәтиже:
- Тәрбие беру процесіне инновациялық технологияларды енгізу арқылы мектепке дейінгі білімге қолжетімдікті қамтамасыз ету;
- Тәрбиеленушілердің интеллектуалды дамуының жоғары деңгейі;
- Қазіргі заман талабына сай даму ортасының құрылуы.

**2024-2025 оқу жылына
№ 80 «Ботақан» балабақшасы» МКҚК
қызметінің талдауы**

**Балабақша тәрбиеленушілерінің контингенті
Балабақша**

Тобы	Бала саны
Балапан ортаңғы (3 жастан бастап)	25
Көжек ортаңғы (3 жастан бастап)	26
Қонжық ересек (4 жастан бастап)	26
Қошақан ересек (4 жастан бастап)	27
Ақбота мектепалды (5 жастан бастап)	28
Құлыншақ мектепалды (5 жастан бастап)	25
Жалпы бала саны	157

Шағын орталық

Тобы	Бала саны
Болашақ мектепалды (5 жастан бастап)	15
Зерек мектепалды (5 жастан бастап)	8
Дарын мектепалды (5 жастан бастап)	13
Зият ересек (4 жастан бастап)	7
Шабыт ересек (4 жастан бастап)	14
Мирас ересек (4 жастан бастап)	11
Жалпы бала саны	68

Педагогтардың сапалық құрамы

Барлық педагогтар	Жоғары білім	Арнаулы орта	Аяқталмаған жоғары
17	11	6	0
100%	65%	35%	0%

1 педагог қайта даярлау курсынан өту қажет.

Педагогтардың біліктілік деңгейі:

Біліктілік санаты			
Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер
8	1	0	0
47%	6%	0%	%

2024-2025 оқу жылына педагогтардың біліктілік санаттарын арттыру курстары:

Барлық педагогтар	Курстан өткен, педагогтар саны	Менгеруші	Әдіскер	Дене шынықтыру нұсқаушы	Педагог - психолог	Музыка жетекшісі	Тәрбиеші
17	1	0	1	0	0	0	0

№	Аты-жөні	Лауазымы	Курстан өткізген мекеме	Сағат саны
1	Жанакулова Жибек Жамантаевна	Инновация әдіскері	«Өрлеу» БАҰО АҚ	72 сағат

2024-2025 оқу жылында барлығы 17 педагогтың 1 –і курстан өтті. Соңғы 3 жылда курстан өтпеген педагогтар – 6, олар,
А.Кайсарова, М.Тугелбаева, Д.Бекенова, А.Жанарбек, Е.Күлімхан, Н.Тәжібаева
2025-2026 оқу жылында курстан өтуге жоспарланып отыр.

2024-2025 оқу жылындағы жетістіктер

№	Тобы	Баланың жетістігі	Педагогтың жетістігі
1	Балапан	-	Сертификат
2	Көжек	-	-
3	Қошақан	-	Алғыс хат
4	Қонжық	Грамота -1 Диплом-2 I орын- 1 бала II - 1 бала III - 1бала	Диплом Алғыс хат -2
5	Ақбота	II орын-1 бала III орын -3 бала	Алғыс хат- 1 Диплом-1 Сертификат-1
6	Құлыншақ	III орын – 7 бала	Алғыс хат
7	Шабыт	-	Алғыс хат
8	Дарын	II орын -1 бала Грамота	Алғыс хат-1 Диплом-1 Сертификат-3

Педагогтар мен балалардың жетістіктері Оқу-ағарту министрлігінің 514 бұйрығына сәйкес, балабақшаның байқаулардағы жетістіктері:

«Жолда жүру ережесі брейн-ринг» қалалық сайысында III дәрежелі диплом.

«Ертегілер елінде» қалалық байқауына қатысып III дәрежелі диплом.

«Жұлдызды жол» интеллектуалды олимпиадасының аудандық байқауынан III дәрежелі диплом, қалалықтан сертификатпен марапатталды.

2024-2025 оқу жылындағы педагогтердің жетістіктері:

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының «Зерттеу жұмысы» I қалалық конкурсында Инновация әдіскері Ж.Жанакулова III орын,

Тәрбиеші Р.Өмірзақ II орын,

Тәрбиеші М.Тугелбаева сертификатқа ие болды.

«Балабақша-жетістік пен денсаулық бастауы» қалалық конкурсынан инновация әдіскері Ж.Жанакулова сертификат,

Тәрбиеші Ш.Исакова II орынға ие болды.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы әдіскерлеріне арналған «Теориядан сәтті нәтижеге дейін» қалалық байқауына қатысып инновация әдіскері Ж.Жанакулова сертификатқа ие болды.

2024-2025 оқу жылына арналған
«Жәндіктердің биоәртүрлігін зерттеудегі мектеп жасына дейінгі
балалардың танымдылығы» тақырыбындағы эксперименттік білім
беру бағдарламасын іске асыру бойынша

Мектепке дейінгі балалық шақта дүниенің бастапқы бейнесінің пайда болуы әр жас кезеңінде өзіндік ерекшеліктері бар баланың танымдық іс-әрекетінің арқасында жүзеге асады. Әр түрлі білім дағдылары мен іс-әрекетке деген танымдық қызығушылықты дамыту мектеп жасына дейінгі баланың жалпы дамуының да, оны мектепте оқытудың одан әрі жетістігінің де құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Мектеп жасына дейінгі баланың қоршаған әлемге деген қызығушылығы, барлық жаңа нәрселерді игеруге деген ұмтылысы осы қасиетті қалыптастырудың негізі болып табылады. Мектепке дейінгі балалық шақта ойын әрекетімен қатар танымдық іс-әрекет баланың жеке басының дамуында білім, білік, дағдыларды меңгеру процесі ретінде орасан зор маңызға ие. Балабақшаларда зерттеу арқылы оқыту балалардың танымдық қабілеттерін дамытуға ең тиімді технология. Кішкентай балалардың бір нәрсені зерттеуге деген талпынысы биологиялық құбылыс. Үнемі бір нәрсені зерттеуге деген талпыныс бала мінезіне тән қасиет. Ол өзін қоршаған ортаны үнемі танып білгісі келеді. Баланың бір нәрсені зерттеп білсем деген талпынысы, оны зерттеп оқу іс-әрекетіне итермелейді. Баланы ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін игерту бүгінгі білім беру саласының маңызды міндеті болып саналады. Егер әр баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуы қажет болса, онда баланың қабілетін түрлі әрекеттерде көрсету үшін зерттеуге дайындау қажет. Тәрбиелік ықпал ету аясы айтарлықтай кеңейіп жатқан қазіргі жағдайда мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеу мәселесі ерекше өзекті болып отыр. Табиғаттың бір бөлігі ретінде жәндіктерге деген көзқарастың белгілі бір түрі бөлігі болып табылатын тұлғаның экологиялық мәдениетін қалыптастырудағы мектепке дейінгі балалық шақтың рөлін ерекше атап өткен жөн. Қазіргі балалардың көпшілігі, әсіресе ірі қалалардың тұрғындары табиғатпен сирек араласады. Бірақ экологиялық білім беру бала күн сайын кездесетін жақын ортадағы объектілермен танысудан басталады. Кез келген қалада сіз бақылауға қызықты табиғи нысандарды таба аласыз: ағаштар, шөптер, жәндіктер. Балалар зерттеуден қарапайым әдістерін, тірі заттармен қарым-қатынастың этикалық нормаларын меңгереді, шығармашылық шабыт көзі ретінде тірі табиғаттың сұлулығын түсінуге және бағалауға үйренеді. Балалар табиғатынан өз зерттеушілері. Зерттеу, ізденіс қызметі – баланың табиғи жағдайы, ол қоршаған әлемді түсінуге бейімделген, оны білгісі келеді. Мектеп жасына дейінгі балаға арналған зерттеу мінез-құлқы – әлем туралы түсініктерді алудың негізгі көзі.

Балаларда жәндіктер туралы идеяларды қалыптастыру және оларға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу жұмысын бастағанда іске асады. Серуендеу кезінде бірнеше жеке әңгімелер жүргізу арқылы жасауға болады. (суреттер мен ауызша).

Балабақшамызда қаламыздағы «Әдістемелік орталығы» қолдауымен «Жәндіктердің биоәртүрлілігін зерттеудегі мектеп жасына дейінгі балалардың танымдылығы» атты тақырыпта 2023-2024 оқу жылында ашылды.

Эксперименттік алаң ашылған соң бағдарлама құрылып, бақылаушы және эксперимент топтары бекітілді. Эксперимент топтары мектепалды «Құлыншақ» тобы. Бақылаушы топтары ересек «Қонжық» және «Қошақан» топтары.

Балабақшамызға бағдарламаға сай ,перспективтік жоспар құрылып, жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылып келеді. Балалардың жұмыстарын көре аласыздар.

Ақпан айында «Жәндіктер әлемі» көрмесі ұйымдастырылды.

Табиғатпен танысу тек ұйымдастырылған ойын әрекеттерінде ғана емес, күнделікті өмірде де жүргізіледі.

Серуен кезінде жәндіктерді бақылау.

Бақылау дүниетанудың ең маңызды әдісі - мынадай ерекшеліктермен сипатталады:

а) оны жәндіктер үшін табиғи ортада ұйымдастыруға болады, олар өздерін еркін ұстайды;

б) бақылау жәндіктердің тіршілігін, дамуына мүмкіндік береді, олар ұзақ мерзімді зерттеу объектілеріне айналады;

в) жәндіктермен тікелей байланысқа ықпал етеді (тамақтандыру, ұстау және т.б.).

Мысалы, ересек жастағы жәндіктерден қорқу көбінесе ерте балалық шақта баланың кез келген жеке жәндіктермен қарым-қатынаста жағымсыз тәжірибесі болғандығына байланысты. Бастапқыда бала жәндіктерге белгісіз нәрсе ретінде, оларды зерттеудің қызықты және ерекше объектісі ретінде қызығушылық танытады.

Мектеп жасына дейінгі баланың экологиялық тәрбиесі білім беру теориясының негізгі мәселелерінің бірі болып табылады және тәрбие жұмысы үшін өте маңызды. Бала тәрбиесінің құралы ретінде табиғатқа үлкен мән берген.

Мектепке дейінгі жас – - баланың табиғатпен эмоционалды өзара әрекеттесуінің ең қолайлы кезеңі.

Жәндіктерді зерттеуге дайындықтың іске асыру жолдары:

1.Зерттеу объектісін таңдау.

2.Алдын ала жұмыс: бақылаулар, әңгімелер жүргізу.

3.Балалармен жұмыстың мақсатын, міндеттерін таңдау (танымдық, дамытушылық, тәрбиелік).

4.Зейінді, қабылдауды, есте сақтауды, ойлауды ойын арқылы жаттықтыру.

5. Жыл мезгілін, балалардың жасын, зерттейтін жәндікті ескере отырып, оқу құралдары мен құрал-жабдықтарды таңдау және дайындау.

6.Зерттеу нәтижелері бойынша балаларды өз бетінше қорытынды жасауға жетелеу мақсатында бақылау нәтижелерін әр түрлі формада жалпылау (бақылау күнделіктері, коллаждар, фотосуреттер,көрмелер, суреттер).

7. Нәтижелерді болжау.

8. Зерттеудің реттілігіне көңіл бөлу.

9. Қауіпсіздік ережелерін бекіту.

ТӘЖІРИБЕ

Жәндіктерді қорғау жердегі табиғатты сақтау әрекет ету, өзіңізді және барлық тіршілік иелерін ортақ үй ретінде сақтауымыз қажет.

«Құлыншақ» мектепалды тобы ұлу өсу,күтумен айналысады.Балалардың қызығушылықтарымен танымдық белсенділіктері өте зор.

«Жәндіктердің биоәртүрлігін зерттеудегі мектеп жасына дейінгі балалардың танымдылығы» экспериментік алаң аясында қалалық семинар өтті.

2025жылы сәуір айында қалалық семинар өтті.

Жанакулова Жибек Жамантаевна инновация әдіскері, «Мектеп жасына дейінгі балалармен жәндіктерді зерттеудің тиімді жолдары »
Өмірзақ Разия Өмірбекқызы «Өсімдіктер мен жәндіктер әлемінде»
Ешербай Меруерт Бейсенбайқызы «Қызыққа толы ұлулар әлемі»
Тугельбаева Мария Налибайқызы «Ғажайып жәндіктер әлемі»
тақырыптарында ұйымдастырылған зерттеу іс-әрекеттерін көрсетті деді.
Искакова Шохиста Нуридиновна «Мектепке дейінгі білім беру
ұйымдарындағы жасанды интеллект технологияларын қолдану тиімділігі»
тақырыптарында шебер сынып көрсетті деді

Дене тәрбиесі мен сауықтыру жұмыстары

Мектепке дейінгі мекеменің басты мақсаты: мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу, балалардың денсаулығын сақтау және нығайту, олардың денелерін шынықтыру және дамыту.

Дене шынықтырудағы негізгі міндеттер:

- балалардың денсаулығын нығайту және сақтау;
- балалардың өмірлік қажетті қозғалыс біліктері мен дағдыларын, жеке физикалық дамуын қалыптастыру;
- салауатты өмір салтына деген қажеттілікті бала бойына сіңіру.

Дені сау бала тәрбиелеу үшін балалардың дене дамуы және ауруын азайту үшін жағдай жасалынады, педагогтармен бірлесіп дене шынықтыру-сауықтыру шаралар өткізіледі. Дене шынықтыру ойын іс-әрекетіне көп көңіл бөлінеді. Әрдайым тақырыптық, шұғыл бақылаулар жасалынып тұрады. Дене шынықтыру залында барлық жағдайлар толық жасалынған. Қажетті құрал-жабдықтар уақытында жанартылады. Отбасымен, балалар, қызметкерлер арасында эстафеталық сайыстар өткізіліп тұрады. Отбасылық сайыстарға ата-аналар қызығушылықпен қатысып тұрады. Балалар дене шынықтыру іс-әрекетіне қызығады, берілген тапсырмаларды ұқыпты орындауға тырысады. Тіпті отбасымен бірге болған сайыстарда өзін бір ерекше сезінеді. Бұл балалардың мамандық тандауына да көмектеседі. Күн тәртібі қатаң орындалады, балаларға таңғы жаттығу жасау, серуенге шығу ұнайды.

Себебі онда олар әртүрлі спорттық, ұлттық ойындар ойнайды. Өткізілген жарыстар, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің жоспарлары бар. "Біз бақытты жанұя" отбасылық сайысы, «Ашық есік» күндер ұйымдастырылып тұрады.

Оқу жыл бойы балалармен төмендегідей сауықтыру іс-әрекеттері жүргізілуде:

Балабақшада барлық топтарда балаларға ойын, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің экологиялық жағымды жағдай жасалуда.

- санитарлық - гигиеналық талаптар сақталынады
- топтарда 3-5 рет желдету жүргізіліп отырады
- таза ауа болу үшін топтарда табиғат бұрыштары бар
- топ бөлмелерінде ауа температурасы бір қалыпта болады

Балалармен келесі сауықтыру түрлері жүргізіледі: таңғы жаттығу, дене шынықтыру сабақтары, күнделікте серуендеу, сергіту сәттер, массаж, жалаң аяқпен көлбеу қойылған тақтаймен жүру және т.с.с.

Сауықтыру мақсатында балаларға дәруменге бай тамақтар: жеміс- жидектер, көкөністері фито-шәй беріледі.

МКҚК №80 «Ботақан» балабақшасының 2024 – 2025 жылдарға медициналық алдын – ала жүргізілетін жұмыстар тиімділігінің салыстырмалы нәтижесінің талдауы

Медбике Н.Тугельбаева тазалық- гигиеналық жағдайлайды сақталуын және балаларға жасалған күн тәртібінің орындалуын қадағалайды.

Медициналық кабинетте қажетті құрал-жабдықтармен және алғашқы көмек көрсетуге арналған дәрі-дәрмектер жеткілікті қамтылған.

МКҚК №80 «Ботақан» балабақшасының медициналық - алдын ала жүргізілетін жұмыстар келесі бөлімдерді құрайды:

МКҚК №80 «Ботақан» балабақшасы балаларының жас құрамы

Жасы	2024 жыл	2025 жыл
3 жасқа дейін	-	-
3 жастан жоғары	157	157
Барлығы:	157	157

Балабақшада фитотерапияны жүргізуін ерекше атап айту керек, ол мөлшерінен тыс беру дегені болмайтын табиғи түрде дәрумендеу болып табылады, ал дәрумендер мен микроэлементтердің байланысы оңтайлы болып келеді. Фитошай әртүрлі шөптер жинағын құрайды: сергітетін, жалпы нығайтатын, иммунитетті ынталандыратын, қабынуға қарсы, тұмауға қарсы, дәруменді, тәбетті ашатын, анемияға қарсы.

Тамақтану.

Тамақтану сыртқы ортаның негізгі азықтарының бірі болып табылады, ал ол өз алдына бала дамуын анықтайды және оның өмір сүруіне, өсуіне, дамуына және денсаулық жағдайына тіке әсер етеді.

Маусымдық ас мәзірі 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 бұйрығы 8 тармағына сәйкес ас мәзірімен жұмыс жасалынады ол барлық негізгі тағамдық заттардың – оңтайлы мөлшерде ақ уыздың, майлардың, көміртегілердің, минералды заттардың, дәрумендердің, сулардың болуын қарастырады.

Балалардың ағзасында дәрумендердің жетіспеушілігін толтыру үшін, әсіресе күзгі-қысқы мезгілдерде, нормативті мөлшерге сәйкес 3 тағамның

С- дәрумендеуі жүргізіледі (күніне бір балаға 50-70 мг. С - дәрумені).

Балабақша әкімшілігі, медицина қызметкері, ДГСЭН өкілдері тамақ беруді ұйымдастыруын қатаң бақылайды.

Осыған орай:


1	Балабақшада тамақ беруді ұйымдастыру мектепке дейінгі және ерте жастағы балаларға арналған тағам картотекасына сүйене отырып перспективтік ас мәзірі негізінде жүзеге асырылады.
2	Балалар толыққұнды дұрыс тамақтанады, 3-тағамның С-дәрумендеуі жүргізіледі.
3	Тамақ беру жағдайы үнемі бақыланып отырады: -дайын тамақты беру нормасы, олардың бала нормасына сәйкестігі тексеріледі; -Тамақ ас мәзірі бойынша жүргізіледі; -күнделікті дайын тамақтың дәмі сыналады; -ас блогының санитарлық-гигиеналық жағдайы, тамақтарды дайындау технологиясы, азық-түліктердің берілу мерзімі, азық-түліктердің сертификациясы және сақтау мерзімі бақыланады.
4	Антропометрия өткізіледі, ол балалардың толыққұнды тамақтануы жеткіліктілігінің көрсеткіші болып табылады.
5	Бақшада улану және тағамдық инфекция жағдайлары болған жоқ.

Күнделікті балалар тамақтануында: ет, қышқыл-сүттік тағамдар, шырындар, көкөніс салаттары, әртүрлі гарнирлер, көкөністік тағамдар. Маусымдық ас мәзіріне сәйкес балалар тамақтануына бауыр, балық, ірімшік қосылған.

2024-2025 оқу жылындағы педагогикалық ұжымның жұмыс көрсеткіштері
2024-2025 жылдар кезеңіндегі педагогикалық кадрлық қамтамасыз етілуіне талдау анықтамасы

2024-2025 оқу жылындағы педагогтердің сапалық құрамы

Педагогтар саны	Оның ішінде		Оның ішінде					
	Жоғары білімді	Арнаулы орта	Жоғары санатты	I санат	II санат	Педагог-сарапшы	Педагог - модератор	Санаты жоқ
17	11	6	-	1	-	1	8	7



2024-2025 оқу жылы: 17 педагог
 Жоғары санат: - 0 %
 I санатты: 1 – 6%
 II санатты : - 0 %
 Санаты жоқ: 7 – 41%
 Педагог-сарапшы: 1 – 6%
 Педагог-модератор: 8 – 47%

Педагогикалық ұжымның белсенділігін талдау 2024–2025 оқу жылы үшін: Педагогикалық ұжым жүйелі түрде белсенді конференцияларға, семинарларға қатысу, педагог қызметкерлерді аттестаттау, қалаға дейін педагогтар арасындағы жұмыс тәжірибесін жариялау, вебинарларда, онлайн, офлайн курстарға, біліктілікті арттыру курстарына, конкурстарға, семинарларға, конференцияларға қатысып грамоталар мен, алғыс хаттармен марапатталды:

Педагогтар мен балалардың жетістіктері Оқу-ағарту министрлігінің 514 бұйрығына сәйкес, балабақшаның байқаулардағы жетістіктері:
«Жолда жүру ережесі брейн-ринг» қалалық сайысында III орын иегері атанды.

«Ертегілер елінде» қалалық байқауына қатысып III дәрежелі дипломмен марапатталды.

«Жұлдызды жол» интеллектуалды олимпиадасының аудандық байқауынан III жүлделі орынға ие болдық.

«Құлыншақ» мектепалды топ тәрбиешісі Р.Өмірзақ.	«Жұлдызды жол» интеллектуалды олимпиадасының аудандық байқауынан III жүлделі орын
«Құлыншақ» және «Ақбота» мектепалды топ тәрбиешілері М.Ешербай, Р.Өмірзақ, Ш.Исакова	«Ертегілер елінде» қалалық байқауына қатысып III дәрежелі дипломмен марапатталды.
«Құлыншақ» және «Ақбота» мектепалды топ тәрбиешілері М.Ешербай, Р.Өмірзақ, Ш.Исакова денешынықтыру нұсқаушысы А.Байдеуов	«Жолда жүру ережесі брейн-ринг» қалалық сайысында Шорын алды.

Жалпы балабақша бойынша тәрбиеленушілердің әр түрлі байқауға қатысқан нәтижесінде:

I орын – 1 бала

II орын- 3 бала

III орын -11 бала

Грамота - 2 бала

Ата – аналармен жұмыс

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуда баланың өмірі мен дамуына ықпал ететін барлық факторларды ескеру біздің міндетіміз. Демек, баламен жұмысты ата-аналармен, қоршаған ортамен өзара ынтымақтастықта құру аса маңызды. Барлық ерекшеліктер: әлеуметтік жағдайы, отбасы тарихы, елдің мәдени ерекшеліктері мен салт-дәстүрлері, баланың мінез-құлқы мен ерекшеліктері ескеріледі. Ата-аналармен үнемі қарым-қатынаста болу және оларды бейімдеу мен оқыту процестеріне тарту балабақшамыздың басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Ата-аналармен жұмыста ата-аналар жиналыстарының жаңа форматтары пайдаланылады, олар тренингтер, семинарлар, «игі істер күндері», ата-аналардың қатысуымен педагогикалық кеңес, ата-аналар конференциясы, ата-аналармен бейресми байланыс орнатуға, олардың назарын балабақшаға аударуға бағытталған дәстүрлі емес қарым-қатынас нысандары түрінде өтіп отырады, ата-аналар өз баласын жақсы білуі үшін, оны басқа, өзі үшін таныс емес жағынан көруі үшін, педагогтермен өзара қарым-қатынаста болуы үшін барлық жағдай жасалған. Жеке және топтық консультациялар, ата-аналар жиналыстары, әртүрлі мәселелер бойынша пікірталастар, педагогикалық қонақ бөлмелері, сұрақ-жауап кештері, оқу-қызметтерінің бейнежазбалары және режимдік сәттерді қарау, содан кейін талқылау мен басқалары кешенді түрде ұсынылып отырады. Мектеп жасына дейінгі ересек балалардың ата-аналары үшін белсенді етудің интерактивті әдістерін қолдану, сұхбаттасу, талқыланатын мәселені рейтингтік бағалау, әрқилы бірнеше көзқарасты талқылау жұмыстары жүргізіліп тұрады.

Консультациялық пункт қызметі жұмыс жасайды. Ата-аналар мерекелік ертеңгіліктерде де өздерінің үлкен көмектерін көрсетеді, яғни костюм дайындау, мерекелік безендірулерге, қойылымдарға белсене қатысып отырады.

«Ашық есік күндері» тәрбиешілер мен мамандар үлкен шығармашылық дайындықпен өткізеді. Ата-аналар балабақшаның таңертеңнен ұйымдастырылған оқу-тәрбие үрдісіне қатысып, пікір алмасу, сауалнама жүргізу жұмыстары жүргізіледі. Ата-аналар балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес өткізілетін ұйымдастырылған оқу қызметтеріне қатысып, өз ризашылықтарын білдіріп келеді.

№80 «Ботақан» балабақшасының перспективасы

Балабақшаның материалдық-техникалық базасын қазіргі заман талабына сай интерактивті құрал-жабдықтармен толықтыру;

Психологиялық-педагогикалық мәдениетті, отбасының балабақша өміріне қатысу құзыреттілігін арттыру үшін отбасын оқу-тәрбие процесіне тарта отырып, тәрбиеленушілердің ата-аналарымен тығыз қарым-қатынасты жүзеге асыру;

Балабақшаның және әлеуметтік серіктестерінің оң имиджін қалыптастыру.

Ата-аналарға балаларды оқыту және дамыту, мектепке даярлау, балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы психологиялық-педагогикалық құзыреттілік мәселелері бойынша заман талабына сай кеңес беру және қолдау жүйесі жұмысын жүйелі түрде жалғастыру;

Балабақшада интеграциялық білім беру жүйесін құру, әрбір баланың сапалы және қолжетімді білім алу құқығын жүзеге асыру, балалардың толық физикалық және психологиялық дамуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету, олардың мектепте табысты білім алуының негізі ретінде отбасы мен балабақшаның күш-жігерін біріктіру.

Қорытынды: №80 «Ботақан» балабақшасында квалификациялық-педагогикалық қызметкерлермен қамтылған, оқу-педагогикалық үрдісі заманға сай қажетті әдістемелік құралдармен жабдықталған. Педагогтардың біліктілігін арттыру, педагогикалық және тәрбиелік іс-әрекеттің заманауи түрлерін таңдауда олардың кәсіби бағдарын кеңейту, заманауи жобаларды әзірлеу және жүзеге асырылған.

Балабақшаның дамыту бағдарламасын жүзеге асыру бойынша әртүрлі жұмыс түрлерінде ата-аналар белсенді өзара әрекетте қызығушылық танытып, атсалысады.

Тәрбиеленушілердің отбасыларының қажеттіліктері ескеріліп, қосымша оқу білім беру қызметтерінің кең спектрі ұсынылған.

Балабақшаның кадрлық әлеуметі жоғары деңгейде ұйымдастырылып жүзеге асырылған.

**№5 педагогикалық кеңестің
хаттамасы**

Өткізілген уақыты: 29.05.2025 ж.

Қатысқандар: 17

Қатыспағандар: жоқ

Тақырыбы: Мектепке дейінгі ұйым жұмысының мақсаты мен міндеттерінің орындалуы.

Мақсаты: педагогикалық ұжымның оқу жылына жұмыс қорытындысын шығару.

Күн тәртібінде

I. Теориялық бөлім

1. №4 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы.

2. 2024-2025 оқу жылы қорытындысы бойынша балабақша топтарында атқарылған жұмыстар туралы есеп.

3. 2024-2025 оқу жылындағы балабақша балаларының денсаулық жағдайының талдауы.

Жауапты инновация әдіскері: Ж.Жанакулова
Жауапты медбике Н.Тугелбаева

4. 2024-2025 оқу жылына балабақша жұмысының жылдық мақсаты мен міндеттерінің және эксперименталдық алаңның орындалуы.

Жауапты инновация әдіскері: Ж.Жанакулова

5. 2024-2025 оқу жылына балабақша жұмысының жазғы-сауықтыру іс-шаралар жоспарымен танысу және бекіту.

6. Жазғы сауықтыру кезеңіне ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесін, күн тәртібін бекіту.

7. 2025-2026 оқу жылында балабақшаның аттестациядан өтетін педагогтар кандидатураларының тізімін қарастыру және бекіту.

1. **Тыңдалды:** меңгеруші Ж.Конакбаева №4 педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау бойынша, №4 педагогикалық кеңестің шешімдерінің толық орындалғанын және биылғы оқу жылының қызмет нәтижелеріне көңілінің толатынын айтып инновация әдіскеріне және педагогтерге алғыс айтты.

2. **Тыңдалды:** балабақша инновация әдіскері Ж.Жанакулова

№4 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы туралы айтып өтті. 2024-2025 оқу жылы қорытындысы бойынша балабақша топтарында атқарылған жұмыстар туралы есебінде, оқу жылының тәрбиелеу-білім беру процесінде түрлі іс-шаралар балабақшада қалалық, республикалық деңгейде өткенін айтып, жылдың қарқынды жұмыс жасалғанын атап өтті.

Атап айтқанда, «Педагогикалық SABAQTASTYQ» жобасын ұйымдастыру бойынша жұмыстар жоспар бойынша жүргізілгенін және 20-30 қаңтар аралығында балабақшамызда №14 мектеп гимназиясының бастауыш сынып мұғалімдері А.Тұяқбай, А.Сапарова т.б педагогтар ой-пікірлерімен айтып, кері байланыс жасады. «Мектеп пен балабақшаның сабақтастығы», «Балалардың мектепке бейімделуі және жасанды интеллектің мүмкіндіктері» атты тақырыптарда шебер-сыныптар өткізіп, өз тәжірибелерімен бөлісті. Шебер –сыныпқа №4 мектеп гимназиясының бастауыш сынып мұғалімдері қатысты. *(баяндама қосымша тіркелген)*

Эксперименттік алаң жұмыс жоспары бойынша «Жәндіктердің биоәртүрлігін зерттеудегі мектеп жасына дейінгі балалардың танымдылығы» эксперименттік алаң аясында қалалық семинар өтті. Семинарға қаланың 30 балабақшасынан педагогтар мен меңгерушілер қатысты.

Жанакулова Жибек Жамантаевна инновация әдіскері, «Мектеп жасына дейінгі балалармен жәндіктерді зерттеудің тиімді жолдары» тақырыбында баяндама оқыды.

Өмірзақ Разия Өмірбекқызы «Өсімдіктер мен жәндіктер әлемінде»
Ешербай Меруерт Бейсенбайқызы «Қызыққа толы ұлулар әлемі»
Тугельбаева Мария Налибайқызы «Ғажайып жәндіктер әлемі»
тақырыптарында ұйымдастырылған зерттеу іс-әрекеттерін көрсетті деді.
Искакова Шохиста Нуридиновна «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы жасанды интеллект технологияларын қолдану тиімділігі» тақырыптарында шебер сынып көрсетті деді. *(баяндама, конспект қосымша тіркелген)*

Семинар соңында кері байланыс жасап пікір бөліскендері туралы айта кетті. Педагогикалық ұжымның белсенділігін талдау 2024 – 2025 оқу жылы үшін: Педагогикалық ұжым жүйелі түрде белсенді конференцияларға, семинарларға қатысу, педагог қызметкерлерді аттестаттау, қалаға дейін педагогтар арасындағы жұмыс тәжірибесін жариялау, вебинарларда, онлайн, офлайн курстарға, біліктілікті арттыру курстарына, конкурстарға, семинарларға, конференцияларға қатысып грамоталармен, алғыс хаттармен марапатталды – деді. Соның ішінде:

«Ел орданың еркетайы» қалалық өнер байқауынан жүлделі II орын

«Көркемсөз шебері» қалалық мәнерлеп оқу байқауынан Грамота, Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының «Зерттеу жұмысы» I қалалық конкурсында

Инновация әдіскері Ж.Жанакулова III орын,
Тәрбиеші Р.Өмірзақ II орын,

Тәрбиеші М.Тугелбаева сертификат ие болды.

«Балабақша-жетістік пен денсаулық бастауы» қалалық конкурсынан инновация әдіскері Ж.Жанакулова сертификат,

Тәрбиші Ш.Исакова II орынға ие болды.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы әдіскерлеріне арналған

«Теориядан сәтті нәтижеге дейін» қалалық байқауына қатысып инновация әдіскері Ж.Жанакулова сертификатка ие болды.

Астана Халықаралық университетінің Педагогикалық «МЕКТЕПKE DEЙІНГІ ҰЙЫМДАРДАҒЫ ЦИФРЛАНДЫРУ:СЫН ҚАТЕРЛЕР МЕН ПЕРСПЕКТИВКАЛАР»

атты XVIII қалалық ғылыми-практикалық конференциясының ал 6 педагог баяндама дайындап баспаға жіберілді.

Педагогтар мен балалардың жетістіктері Оқу-ағарту министрлігінің 514 бұйрығына сәйкес, балабақшаның байқаулардағы жетістіктері:

«Жолда жүру ережесі брейн-ринг» қалалық сайысында III орын иегері атанды. Мектепалды топ балалары қатысты.

«Ертегілер елінде» қалалық байқауына қатысып III дәрежелі дипломмен марапатталды. Мектепалды топ балалары қатысты.

«Жұлдызды жол» интеллектуалды олимпиадасының аудандық байқауынан III жүлделі орынға ие болды.

Мектепалды тобының тәрбиеленушісі Досбол Аида Заңғарқызы.

3. Тыңдалды: балабақша медбикесі Н. Тугелбаева өз сөзінде, балабақшаның 2024 – 2025 жылдарға медициналық алдын – ала жүргізілетін жұмыстар тиімділігінің салыстырмалы нәтижесінің талдауын айтты. *(анықтама қосымша тіркелген)*

Медбике Н.Тугельбаева тазалық- гигиеналық жағдайлайды сақталуын және балаларға жасалған күн тәртібінің орындалуы қадағаланатынын айтты. Медициналық кабинетте қажетті құрал-жабдықтармен және алғашқы көмек көрсетуге арналған дәрі-дәрмектер жеткілікті қамтылған деді.

4.Тыңдалды: балабақша инновация әдіскері Ж.Жанакулова 2024-2025 оқу жылының эксперименттік алаң «Жәндіктердің биоәртүрлілігін зерттеудегі мектеп жасына дейінгі балалардың танымдылығы» тақырыбында зерттеу жұмыстары әр топтарда жас ерекшеліктеріне сәйкес іс-әрекеттер, баланың танымдық белсенділіктерінің дамуын зерттеу қызметі арқылы, әр топтың жәндіктерге деген қызығушылықтары байқалды деді. Осыған орай, эксперименттік алаңның перспективтік жоспарына сәйкес балабақшада түрлі іс – шаралар өтті. Ашық іс-әрекеттер, зерттеулер және көрмелер өтті. Барлық топтардың қатысуымен «Жәндіктер әлемі!» атты көрме ұйымдастырылып, қатысушыларды марапатталғанын айтты. Көрмеге қатысушылар: Ата-аналар саны - 60 қатысты, педагогтер – 15, тәрбиеленушілер саны -60 болды.

Эксперименттік алаң аясында әр топтар жәндіктер тақырыбында түрлі қолөнерлер жасағанын және барлық топтар белсене қатысып, ата-аналарда атсалысты. «Құлыншақ» мектепалды тобы ұлуларды өсіріп, күтуде-деп сөзін аяқтады.

5. Тыңдалды: инновация әдіскері Ж.Жанакулова 2024-2025 оқу жылына балабақша жұмысының жазғы-сауықтыру іс-шаралар жоспарымен балалардың жазғы демалысын ұйымдастырудың барысы туралы айтты, жазғы мезгілінде ұйымдастырылатын іс-шараларға тоқталды. Сонымен қатар жаз мезгіліндегі ойын-сауық іс-әрекет кестесіне тоқталып өтіп, балалардың жаз мезгіліндегі уақыттарын қызықты да, әсерлі етіп өткізілуі өз қолымызда деп, тәрбиешілерге және педагогтарға тапсырмалар берілді. Түрлі ойын-сауықтар, балалар мерекесін өткізуді, ұжым арасында да ұйымдастырылған іс-шаралардың болуы керектігін атап айтты.

Тыңдалды: меңгеруші Ж.Конакбаева биылғы жазғы уақыттағы мекеменің жұмысқа дайындығына ерекше көңіл аудару керек екеніне тоқталып өтті, серуен алаңдарының тазалығын үнемі сақтау және безендіру жұмыстарын қоспағанда, түрлі инфекциялы жұқпалы дерттің өте қауіпті екенін айтып, медбикенің нұсқауларын қатаң сақтауларын ескертті. Балалардың серуенін ұйымдастыру, сауықтыру жұмыстарын тиімді пайдалану керек екендігін де атап өтті. Ең бастысы дұрыс ұйымдастырылған серуен балалардың денсаулығына және дамуына үлкен үлес қосатынын айтты. Жаз маусымында неғұрлым таза ауада ойнап, үнемі қимыл-қозғалыста жүрген балалар дене дамуы жағынан да, ақыл-ой дамуы жағынан да жетіле түседі деді.

Тыңдалды: инновация әдіскері Ж.Конакбаева жазғы сауықтыру кезеңдегі жұмысының негізгі мақсаты сауықтыру жұмысын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылыққа қабілеттерін дамыту үшін неғұрлым тиімді жағдайлар жасау деді.

Жаз мезгілінде таза ауада болу баланың ағзасын нығайтады және шынықтырады, оның жан-жақты дамуына оң әсер етеді. Дәл осы кезең мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту үшін пайдалану екенін атап айтты.

2024 - 2025 оқу жылына балабақша жұмысының жазғы-сауықтыру іс-шаралар жоспарымен таныстырып және бекітуді ұсынды.

Тыңдалды: инновация әдіскері Ж.Жанакулова 2025-2026 жылдары аттестатталатын балабақша педагогтарының кандидатуралары 2 педагог біліктілік санаты сарапшыға тест тапсырып, 1 педагог зерттеушіге баратынын атап өтті.

Тыңдалды: меңгеруші Ж.Конакбаева аттестатталатын педагогтардың құжаттарға өте мұқият және сауатты болуын және неміс тілін қарамауды талап етті, аттестаттау ережелеріне сәйкес педагогтар педагогикалық қызметкерлерді аттестаттаудың барлық кезеңдерінен өтуі тиіс екенін атап айтты.

Осыдан кейін келесі 2025-2026 оқу жылына аттестатталатын педагогтардың тізімін қарап, біліктілік санатын арттыруға үміткер шығармашылық портфолио мен құжаттар портфолиосын жасауда жауапкершілікпен қарауы

тиіс екенін айтты және аттестаттау тестіне мұқият дайындалу керек екенін қадап айтты.

Тыңдалды: Меңгеруші Ж.Конакбаева педагогикалық кеңес соңында оқу жылындағы дәстүрге айналдырған балабақшамыздың үздік тәрбиешісін анықтағанын жыл бойы балабақша ішімізде қоғамдық жұмыстарға белсене ат салысып, қалалық байқауға қатысып, жүлделі орынға ие болған Исакова Шохиста Нуриденовна «Үздік тәрбиеші» атағына ие болғанын атап өтті.

Қалған педагогтерді де марапаттап, алғыс айтты.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. №4 педагогикалық кеңес шешімдері қанағаттандырылсын.
2. 2024-2025 оқу жылы қорытындысы бойынша балабақша топтарында атқарылған жұмыстары оң деп табылып, мектеп және колледжбен сабақтастық бойынша жобалау жұмысы зерттеу іс-әрекеті тақырыбында жалғастырылсын.

Жауапты: Топ тәрбиешілері және педагог мамандар
Мерзімі: 31.05.2025ж

Бақылау: инновация әдіскері Ж.Жанакулова.

3. 2024-2025 оқу жылына балабақша жұмысының жазғы-сауықтыру іс-шаралар жоспарымен және жазғы кезеңге ұйымдастырылған ойын іс-әрекет кестесі, күн тәртібі бекітілсін.

Жауапты: инновация әдіскері Ж.Жанакулова
Мерзімі: 31.05.2025

Бақылау: меңгеруші Ж.Конакбаева


4. 2025-2026 оқу жылында балабақшаның аттестациядан өтетін педагогтар кандидатураларының тізімін қарастырылып және бекітілсін.

Жауапты: инновация әдіскері Ж.Жанакулова
Мерзімі:

Бақылау: меңгеруші Ж.Конакбаева

Меңгеруші:

Хатшы:



Ж.Конакбаева

Е.Күлімхан